Аннотация. Бұл мақалада ресми түрде мойындалмаса да, әлемдік ядролық державалардың бірі саналатын Израильдің ядролық қаруына талдау жасалады. Жойқын қаруға қол жеткізу тарихы мен оған итермелеген жағдайлар және оның аймақтың геосаяси жағдайына тигізетін ықпалы мен ықтимал қатерлері сипатталады. Айналасын қоршаған араб елдерімен соғыс жағдайында отырған еврейлер мемлекетінің өз қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етіп отырғаны, осы уақытқа дейін болған бірнеше ірі соғыстарда қалай жеңіске жеткені жан-жақты зерттеуді қажет ететін тақырып. Ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының позициясы - әлемнің ядролық қарусыздану болғандықтан және Тәуелсіздік алған соң Қазақстан мен Израильдің арасында дипломатиялық байланыс орнағандықтан еліміз үшін Израильдің ядролық бағдарламасы өте маңызды. Оған қоса, географиялық жағынан алғанда да Израиль бізден шалғай жатқан мемлекет емес. Сондықтан да бұл тақырып бізді де алаңдату тиіс.

Түйін сөздер: Израиль, ядролық қару, бейбітшілік, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, ядролық текетірес, Бен-Гурион.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2020-130-1-38-44>

Қазіргі таңда әлемде жаппай қырып-жою қаруына ие 9 мемлекет бар. Солардың бірі Таяу Шығыста орналасқан Израиль мемлекеті. Израильдің ядролық бағдарламасы ХХ ғасырдың ортасында басталды. Оның бастамашысы еврейлер мемлекетінің негізін қалаушы, әрі оның бірінші премьер-министрі Дэвид Бен-Гурионның өзі болды. Мұндай ауқымды, әрі әдеттен тыс жоба туралы ойлануға мәжбүрлеген жағдай – 1948 жылы Израиль мемлекеті құрыла сала басталған араб-израиль соғысы. Бен-Гурион араб күштерінің саны жағынан басым тұрған жағдайында тек атом бомбасы ғана еврейлер елінің тыныш өмір сүруіне кепіл бола алады деген қорытындыға келді. Ол бірде бүкіләлемдік еврейлер конгресінің президенті Наум Голдманмен кездесуінде: «Олар (арабтар) тек бір нәрсені ғана көреді: біз келіп олардың жерлерін тартып алыппыз» деген әңгімені айтты. Арғы ата-тектері бір болып келетін осы туыстас екі халықтың бір-біріне деген жаулығы ғасырлар бойы жалғасып келеді және жақын болашақта да тоқтамақ емес.

Арабтар тарапынан ұдайы төніп тұратын қатер, арабтардың адами ресурстарының басымдығы мен өзара бір-бірін жеккөрушілік жағдайында ядролық тоқпаққа ие болу - тірі қалудың бірден-бір мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Сол себептен де ол, 1949 жылдың басында Парижден келген физик-ядрошы Морис (Моше) Сурдинмен кездесті және осы кездесуден соң жедел түрде ядролық физика бойынша жаңаша білім алу үшін израильдік жас ядролық физиктерге Батыс университеттерінде оқуға мүмкіндік беретін бағдарламаны қаржыландыруға тапсырма берді [1].

Қырымда дүниеге келіп, Палестинада ер жеткен осы бір талантты ғалым - ерлі-зайыпты физиктер Фредерик және Ирен Жолио Кюрилердің оң қолы саналатын. Ядролық қарудың қандай құдіретке ие екенін де, оны дайындауға қандай технологиялар мен құрал-жабдықтардың қажет екенін де Бен-Гурионға жақсылап түсіндірген дәл осы Морис Сурдин. Осыдан соң Израиль 1949 - 1951 жылдар аралығында ядролық қару жасауға қажетті уран қорын табу мақсатында өз территориясында орналасқан Негев шөлінде геологиялық іздеу-барлау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде уранның айтарлықтай қоры табылған

жок, сондықтан да Израиль Негев шөлінен табылған фосфаттардан уранды бөліп алу технологиясын жасауға мәжбүр болды [2].

1952 жылы қорғаныс министрлігіне қарасты атом бомбасын жасау үшін қажетті техникалық әлеуеттің қалыптасуы мен құрылуына тікелей жауапты «Атом энергиясы жөніндегі комиссия» ресми түрде құрылды. Комиссияға кезінде фашистік Германиядан Палестинаға қашып келген көрнекті ғалым, органикалық химия саласының маманы Эрнст Дэвид Бергман жетекші болып тағайындалды. Бүгінде Израиль ядролық қаруының әкесі саналатын Бергман Израиль әскері ЦАХАЛ-дың ғылыми-зерттеу қызметін де қатар басқарды. Ядролық қару жасаудың теориялық технологиясы тез арада жасап шығарылды. Алайда, теорияны практика жүзінде іске асыру айтарлықтай қиын болып шықты. Ең үлкен қиындық – қажетті материалдардың, құрал-жабдықтардың болмауы және соларды сатып алуға қажетті ақшаның жоқтығы болды. 1955 жылы «Бейбіт мақсаттағы атом» бағдарламасы аясында АҚШ Президенті Дуайт Эйзенхауэрдің сыйға тартқан аз қуатты, бар болғаны 5 мегаватт, реакторы, ең болмағанда, бір бомбаны жасауға қажетті плутонийді де алуға жеткіліксіз болып шықты. Сонымен қатар, американдықтар израильдіктермен әскери мақсатта пайдалануға болатын ядролық отын мен жабдықты бөлісуден мүлдем бас тартты. Қазірде көптеген адамдар Израиль өзінің атомдық қаруын американдықтардың көмегімен жасап алды деген пікірде. Алайда мұның қате екенін осы жерден көруге болады. Израильдің ядролық қару өндірісі туралы алғашқы ақпараттары Орталық Барлау Басқармасының есебінде тек 1968 жылы ғана пайда болды. Американдықтар көмектесуден бас тартқаннан кейін бар үміт Франция мен Ұлыбританияда болды. Сол кезде аталған екі ел де өздерінің ядролық бағдарламаларын дамытып жатқан. АҚШ-тың кепілдіктеріне сүйенген француздар 1950 жылдардың басына дейін өздерінің ядролық қаруларын жасауды жоспарламады. Париждің ядролық бағдарламасы тек бейбіт зерттеулермен ғана шектелді. Әскери ядролық бағдарламаны бастау туралы шешім 1954 жылы 26 желтоқсанда Францияның Вьетнамдағы жеңілісінен кейін ғана қабылданды. 1957 жылы Франция Атом энергиясы жөніндегі комиссариатының көмегімен Израиль Димонада реактор салу туралы француз компаниясымен құпия келісімге қол қойды [3].

Осылайша, Израиль мен Францияның ядролық әскери бағдарламалары бір уақытта дерлік басталды. Мұндай жағдайда екі елдің ғалымдарының күш-жігері бір-бірін толықтыра алар еді. 1950-1960 жылдары Франция Израильге ядролық сынақтар кезінде алынған мәліметтерімен бөліскені анық. Олар сол кездері Францияның отары болған Алжирдің Сахара шөлінде сынақтар өткізді. Оған Израильден келген сарапшылардың қатысқаны жасырын емес.

Израильді сол кезде Франциямен және Ұлыбританиямен жақындастырған тағы сол саяси жағдай. 1956 жылы әлемдік тарихқа «Суэц жанжалы» деген атпен енген оқиға болды. Египет президенті Гамал Әбдел Насер Суэц каналын национализациялады. Бұған риза болмаған ескі, әрі тәжірибелі колонизаторлар Египетке жақсылап сабақ бермекке бекінді. Олар жазалаушы рөліне Израильді таңдады. Израиль өз кезегінде осы істің қарымтасына ағылшындардан қару, француздардан «ядролық компенсация» талап етті [4].

1956 жылы жасырын франко-израильдік келісімге қол қойылды, оған сәйкес Париж Тель-Авивке табиғи уранмен жұмыс істейтін, қуаттылығы 26 мегаватт болатын ауыр су реакторын сыйға тартты. Бұл нағыз израильдіктер іздеген «ядролық өтем» болды. Осы сәттен бастап Израильдің ядролық қаруды иемдену тарихында жаңа бөлім басталды. «Арнайы тапсырмалар бюросы» немесе қысқартылған “LACAM” деп аталатын жаңа құпия қызмет құрылды. Оның міндеті ядролық бағдарламаның толық құпиялылығын қамтамасыз ету болды. Оны Бенджамин Блюмберг басқарды.

1957 жылы Францияның көмегімен Тель-Авивтен 120 км қашықтықта Димонада ядролық орталықтың құрылысы басталып, 1963 жылы аяқталды. 1970 жылдары реактор жаңғыртылып, оның қуаттылығы 75-150 мегаваттқа дейін өсті, ал қару жасауға қажетті

плутоний өндірісі жылына 7-8 кг-дан 20-40 кг-ға дейін өсті.

Уашингтон мен Тель-Авив арасында да стратегиялық серіктестік оңайлықпен орнай қойған жоқ. Израильдіктер үшін американдықтардың көмегі ауадай қажет еді. Алайда алғашында екі ел басшылары ортақ келісімге келе алмады. АҚШ-тың сол кездегі Президенті Джон Фитцджеральд Кеннеди Израильдің ядролық бағдарламасына қатты алаңдаушылық білдірді. Израильдің «Haaretz» басылымының 2019 жылы жарияланған бір мақаласында 1963 жылдың көктем-жаз мезгілдерінде Израильдің екі бірдей премьер-министрі - Дэвид Бен-Гурион мен кейін оның орнын басқан Леви Эшкольдің Джон Кеннедимен ашық қақтығысқа дейін барғаны баяндалады. Алайда сол кезде болған мұндай конфронтациялар осы уақытқа дейін қоғамға белгісіз болып келді. Бұл туралы екі жақтан да тек санаулы жоғары лауазымды шенеуніктер ғана хабардар болған [5].

1963 жылы 25 наурызда Президент Кеннеди Орталық Барлау Басқармасының директоры Джон Мэк-Конмен Израильдің ядролық бағдарламасын талқылады. Мэк-Конның айтуы бойынша, Кеннеди «Израильдің ядролық әлеуетке ие болу мәселесі» туралы сұрақты көтерген және Мэк-Кон Президентті Йэль университетінің профессоры, танымал аналитик Шерман Кенттің «Израильдің ядролық қаруының ықтимал жағымсыз әсерлері» туралы талдауларымен таныстырған. Осыдан соң Кеннеди өзің Ұлттық қауіпсіздік бойынша кеңесшісі Мэк-Джордж Бандиге осы мәселені мемлекеттік хатшы Дин Раскке бағыттау туралы нұсқау берген. Израильдік физик Ювал Ниемның айтуынша Кеннеди Эшкольға қатты ультиматум қойған тіпті. Нием сондай-ақ Израиль Әуе-қорғаныс күштерінің бас қолбасшысы, генерал Дэн Толкоускийдің Кеннеди Израильдің ядролық жүрегі саналатын Димонаға әскер түсіруі мүмкін деп қатты үрейленгенін жазады.

1963 жылы 2 сәуірде Израильдегі АҚШ елшісі Барбур премьер-министр Бен-Гурионмен кездесіп, жоғары білікті американдық ғалымдардың жылына екі рет сәуір және қараша айларында Димонаға кіріп ядролық реактордың жұмысымен танысу туралы Кеннеди әкімшілігінің талабын жеткізді. Бұл Бен-Гурионға төбесінен жай түскендей әсер етті. Жауап таппай қиналған Бен-Гурион «бұл мәселені 15 сәуірде болатын Пасха мерекесінен кейін қарастырамыз» деп қысқа қайырды.

АҚШ Израильге Димонаға қатысты нақты ресми талап қойғаннан соң үш аптадан астам уақыт өткенде, яғни 26 сәуір күні Бен-Гурион Кеннедиге жеті беттен тұратын хатпен жауап берді. Ол хатында Израильдің қауіпсіздігі мен аймақтың тұрақтылығы мәселесін көтерді. «Тағы бір Холокосты» болдырмау үшін еврейлер мемлекетінің қауіпсіздігі АҚШ пен Кеңес Одағының бірлескен кепілдігімен қорғалу керек екенін жеткізді. Алайда Кеннеди Бен-Гурионның нақты тақырыптан ауытқуына мүмкіндік бермеді. 4 мамыр күні ол премьер-министрге: «Араб елдерінде болып жатырған өзгерістердің бәрін бақылап отырмыз» деп жауап хатын жазды. Ал бірлескен декларация қабылдау мәселесінің саяси өміршеңдігіне күмән келтіретіндіктен оны жоққа шығарды. Кеннеди Димонаға қатысты айтқанынан қайтпады және Бен-Гурион үшін көзге шыққан сүйел болды. Израильмен ашық қақтығыс 1963 жылы 15 маусым күні Мемлекеттік Департамент Кеннедидің соңғы хатын Тель-Авивке кеткізген кезде ушығып кетті. Хатты елші Барбур тез арада Бен-Гурионға жеткізу керек болды. Хатта Кеннеди екі жыл бойы американдық мамандарды Димонадағы ядролық реакторды тексеріп тұруға жіберіп тұруын талап етті. Хат талаптан гөрі ультиматумға көбірек ұқсайтын. Егер АҚШ Димонадағы жағдай туралы толыққанды ақпарат ала алмаса, мұны Уашингтонға төнген үлкен қатер деп санайтыны баяндалды. Алайда хат Бен-Гурионның қолына жеткен жоқ. Хат Тель-Авивке 15 маусым, сенбі күні жетті. Дәл осы күні Бен-Гурион өзінің отставкаға кететінін жариялаған еді. Бен-Гурионның бұл шешімі елдің ішінде де, әлемде де қызу талқыға түсті. Ол өзінің отставкасының нақты себептерін ешқашан айтқан да емес, жазған да емес. Қандайда бір саяси астары бар дегенді жоққа шығарды. Алайда, оның мұндай шешімге келуіне Кеннеди әкімшілігі тарапынан болған қысым себеп болғанға ұқсайды.

Бен-Гурионның орнына премьер-министр болып Леви Эшколь келді. 5 шілде күні АҚШ елшісі Эшкольге жаңа хатты табыстады. Бұл тек адресаты ғана өзгерген 15 маусым күні Бен-Гурионға арнап жазылған хат еді. Алты апталық консультациядан соң Эшколь АҚШ елшісінің қолына Кеннедидің талаптарына қатысты жауап хатын табыстады. Алайда, израильдіктер америкалық мамандарды тексеруге кіргізуге келісім бергенімен әртүрлі сылтаулар айтып уақыт созып жүріп алды. Алғашқы тексеріс тек 1964 жылы қаңтардың ортасында, Кеннеди қастандықпен өлтірілгеннен кейін 2 ай өткен соң, ғана орын алды. Кеннедидің орнына келген Линдон Джонсон бұл істі әрі қарай жалғастырды, алайда дәл Кеннеди сияқты қатал түрде емес.

Джон Кеннеди мен екі Израиль премьер-министрінің текетіресінің нәтижесінде американдық ғалымдар 1964-1969 жылдар аралығында жылына бір рет Израильге барып ядролық реакторын тексеріп тұрды. Бірақ мұның бәрі дәл Кеннеди талап еткендей болған жоқ.

Уақыт өте келе жағдай өзгерді. Екі ел арасында стратегиялық әріптестік қарым-қатынас орнатылып, Америка Құрама Штаттары Израиль атом өнеркәсібі үшін арнайы жабдықтар мен материалдардың негізгі көзіне айналды. Кейде қажетті компоненттер заңды түрде сатып алынды, алайда олардың нақты қажеттілігі туралы күдік туғызбас үшін, көбінесе бөліктер түрінде және әртүрлі өндірушілер тарапынан тапсырыстар жасалды. Кейде алдауға, тіпті ұрлауға да тура келді. Бірде тіпті, ФБР агенттері американдық атом электр станцияларына ядролық отын жеткізетін “NUMEK” компаниясының қоймаларынан шамамен 300 кг байытылған уранның тапшылығын анықтады. Корпорацияның иесі, атақты американдық физик Соломон Шапиро Израильдің арнайы тапсырмалар жөніндегі бюросының өкілі Абрахам Хермонимен келісіп, уранды Израильге заңсыз тасымалдағаны белгілі болды.

1969 жылдың қыркүйегінде АҚШ президенті Ричард Никсон Израиль премьер-министрі Гольда Мейрмен кездесті. Кейін Генри Киссинджер дәл сол кезде келесідей мәміле жасалды деп жазды: «Тель-Авив өзінің ядролық қаруын мойындаудан бас тартады, ал Вашингтон Израильдің ядролық әлеуетін байқамағандай болады» [1].

Израильдің серіктестері арасында 1970 жылдары өзінің ядролық бомбасын жасаған Оңтүстік Африка Республикасы ерекше орын алды. Ынтымақтастық өзара тиімді болды. Претория Израильді қажетті уранмен қамтамасыз етті, ал Тель-Авив технология, құрал-жабдықтар және мамандармен бөлісті. Көптеген сарапшылар 1970-ші жылдардың ортасында Оңтүстік Африканың атом бомбасын израильдіктер жасаған ядролық құрылғы деп тұжырымдады. 1979 жылы 22 қыркүйекте АҚШ спутнигі Оңтүстік Африканың Принц-Эдуард аралдары орналасқан Оңтүстік Атлантика аймағында екі рет берілген әлдебір жарқылды тіркеді [6]. Қазіргі кезде, әлем елдері Израиль мен Оңтүстік Африка сол кезде бірігіп ядролық сынақтар өткізді дегенге еш күмәнданбайды. Бұл жарқылдар арнайы израильдіктер жасаған қуаты 5 килотонға дейінгі зарядтар болды деп саналады.

1990 жылдардың басында, апартеид жүйесін бөлшектеуге келген және өз елінде қайта құрудың өзіндік түрін бастаған, Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Фредерик де Клерк ядролық қарудан бас тартып, оларды жою туралы шешім қабылдады. Бұл атом бомбасын жасап алған мемлекет онда өз еркімен бас тартқан әлемдегі алғашқы және жалғыз жағдай. Асылында, көптеген сарапшылар Оңтүстік Африка Республикасы ақ нәсілдердің орнын басатын қара нәсілділердің көпшілік үкіметінің қолына қауіпті ойыншықты түсірмеу үшін ядролық оқ-дәрілерді израильдіктерге қайтарып берді деп санайды [4].

Қазіргі таңда Израиль өзінің ядролық қаруға ие екенін ресми түрде мойындамаған әлемдегі жалғыз мемлекет. Сондықтан да, ол ядролық қаруды таратпау туралы ешқандай да халықаралық келісімдерге қол қоймаған. Таяу Шығыста тек Израильдің ғана ядролық қаруға иелік етуі - оның көршілері мен аймақтық державаларды бей-жай қалдыра алмайды.

Сол себептен де еврейлер елінің дәстүрлі бақталас мемлекеттерінің де ядролық қаруға ұмтылу ниеті бар екенін байқауға болады. Айталық, 2019 жылдың 24 қыркүйегінде Нью-Йоркте өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-ші сессиясында сөз сөйлеген Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоған: «Ядролық қаруға иелік етуге барлық елдерге рұқсат етілу керек не болмаса барлығына бірдей тыйым салынуы керек. Кейбір мемлекеттердің ғана иеленуі әділетсіздік» деп атады [7]. Израиль осы уақытқа дейін араб елдерімен ресми түрде 4 рет соғысқа барып, болған қақтығыстардың төртеуінде де жеңіске жетті. Бүгінде тек Таяу Шығыстағы ғана емес, әлемдегі ғылымы мен техникасы жақсы дамыған мемлекеттердің бірі. Әйткенмен де, өз қаруын жасап шығару үшін 30 жылдай уақыт кетті және көптеген қиындықтармен келді. Оған қоса жойқын қаруға қол жеткізу үшін өте ірі көлемде қаражат жұмсады.

Қорытынды. Жалпылай алғанда, ядролық қаруға иелік ету – бұл ең алдымен психологиялық фактор. Оған қол жеткізу өте қымбатқа түседі, әрі көптеген жылдарды қажет етеді. Сондықтан да, аймақ елдерінің ішінде тек Иран ғана ядролық амбициясын білдірді. Түркия НАТО-ның мүшесі ретінде өз территориясындағы «Инжирлик» базасында АҚШ-тың ядролық оқтұмсықтарын сақтап отыр. Бірақ оны Түркия өз бетімен пайдалана алмайды. Ал Иран ядролық қаруға иелік етсе, оның басты қарсыласы Сауд Арабиясы да ядролық қару бағдарламасын қолға алмақ. Мұны арты жанталаса қарулану дәуіріне әкелетінін ескерсек, Иранның жойқын қаруға қол жеткізуін оңайлықпен жүзеге аспайтын жоба ретінде қарастыруға болады. Оған қоса, Израиль аймақта тағы бір ядролық державаның пайда болуына төзбейді. Айталық, кезінде Саддам Хусейн ядролық қару жобасын қолға алған кезде, 1981 жылы 7 маусымда Израиль арнайы операция жүргізіп, Ирактың салынып жатқан ядролық зауыттарына әуеден шабуыл жасап жойып жіберді. Бұл шабуыл «Опера» операциясы деп аталды. Саддам Хусейнмен тығыз қарым-қатынаста болған канадалық физик ғалым Джеральд Булл 1990 жылы 22 маусымда Брюссельде қастандық құрбаны болды. Бұл қастандықты Израильдің арнайы қызметі Моссад ұйымдастырған делінеді. Моссад сондай-ақ әртүрлі жылдары Масуд Әлимұхамеди, Мажид Шариари, Дариуш Резаенжад, Мұстафа Ахмади Раушан сияқты т.б. көптеген ирандық, сириялық, египеттік физик-ғалымдардың көздерін жойып жіберді. Бұл ғалымдардың барлығы да ядролық физика саласы бойынша мамандар еді. Сондықтан да, Израиль қолында жойқын қаруы тұрғанда, қазіргі күні де, жақын болашақта да аймақтың негізгі геосаяси ойыншысы болып қала береді және одан өз еркімен бас тартуы мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Cohen Avner. Israel and the Bomb. N-Y.: Columbia University Press, 1998. p.26.
2. Ефстафьев Д., Орлов В. Региональные особенности международного режима ядерного нераспространения. В кн. Орлов Владимир, Соков Николай (ред.) Ядерное нераспространение. Т.1. - М.: ПИР-Центр, 2002.
3. Наумкин В., Евстафьев Г., Новиков В. Ближний и Средний Восток. В кн.: Арбатов А., Дворкин В. (ред.) Ядерное оружие после «холодной войны». - М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2006.
4. «Ядерный «посох» Израйля». [Электронный ресурс]. - URL: <https://zvezdaweekly.ru/news/t/201811261542-Vgbh9.html> (Accessed: 16.11.2019).
5. “How a Standoff With the U.S. Almost Blew Up Israel’s Nuclear Program”. [Электронный ресурс]. - URL: <https://www.haaretz.com/israel-news/.premium.MAGAZINE-how-a-standoff-with-the-u-s-almost-blew-up-israel-s-nuclear-program-1.7193419> (дата обращения: 30.11.2019).
6. Norris Robert S., Arkin William M., Kristensen Hans M., and Handler Joshua. Nuclear Notebook. Israeli nuclear forces, 2002. Bulletin of the Atomic Scientists. 2002, September/October. P. 73
7. “When America Caught a Nuclear Violator Red-Handed—But Stayed Silent”. [Электронный ресурс]. - URL:

<https://foreignpolicy.com/2019/09/22/blast-from-the-past-vela-satellite-israel-nuclear-double-flash-1979-ptbt-south-atlantic-south-africa/> (дата обращения: 16.11.2019).

8. “Turkey’s Erdogan says nuclear power should either be free for all or banned”. [Электронный ресурс]. - URL: <https://www.reuters.com/article/un-assembly-turkey/turkeys-erdogan-says-nuclear-power-should-either-be-free-for-all-or-banned-idUSKBN1W924L> (дата обращения: 16.11.2019).

Б.Б.Бюлегенова, О.Ж.Өтеғұлов

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Влияние ядерной программы Израиля на региональную безопасность

Аннотация. В статье анализируется текущее положение по ядерному оружию Израиля - одной из мировых ядерных держав. Рассматриваются история создания оружия массового уничтожения, мотивы его создания и геополитическая ситуация в регионе. Вопросы о том, как данное государство в войне с арабскими странами обеспечивает свою безопасность и как оно победило в нескольких крупных войнах, требуют всестороннего изучения. По этой причине мы попытаемся проанализировать его ядерный потенциал.

Позиция Казахстана как государства, добровольного отказавшегося от ядерного оружия, заключается в ядерном разоружении всего мира, следовательно, израильская ядерная программа - важный аспект для нашей страны в силу того, что после обретения независимости между Казахстаном и Израилем установились дипломатические отношения. Более того, Израиль не является географически отдаленной от Казахстана страной, потому эта проблема должна беспокоить и нас.

Ключевые слова: Израиль, ядерное оружие, мир, США, Франция, Великобритания, ядерные боеголовки, Бен-Гурион.

B.B.Byulegenova, O.J.Otegulov

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The impact of Israel’s nuclear program on regional security

Abstract. In this article is analyzed current situations of Israeli nuclear weapon, one of the world’s nuclear powers,. There is considered the history of the creation of weapons of mass destruction and its motives and its geopolitical situation in the region. The subject of a comprehensive study of how the state in the war with Arab countries ensures its security and how it has won in several major wars ever existed. For this reason, we tried to analyze its nuclear potential. The position of the Republic of Kazakhstan as a voluntary renunciation of nuclear weapons is that the Israeli nuclear program is very important for the country since the world is nuclear disarmament and diplomatic relations are established between Kazakhstan and Israel following independence. Moreover, Israel is not a geographically remote country. That’s why this issue should be concern to us as well.

Keywords: Israel, nuclear weapons, peace, the United States, France, the United Kingdom, nuclear warheads, Ben-Gurion

References

1. Cohen Avner. Israel and the Bomb (Columbia University Press, New York, 1998, p.26).
2. Efstaf’ev D., Orlov V. Regional’nye osobennosti mejdunarodnogo rejima yadernogo nerasprostraneniya. V kn. Orlov Vladimir, Sokov Nikolay (red.) Yadernoe nerasprostranenie [Regional features of the international nuclear non-proliferation regime. In the book. Orlov Vladimir, Sokov Nikolay (eds.) Nuclear Non-Proliferation]. Volume1. (PIR-Centr, Moscow, 2002, p.177).
3. Naumkin V., Evstaf’ev G., Novikov V. Blijniy i Sredniy Vostok. V kn.: Arbatov A., Dvorkin V. (red.) [Yadernoe

orujie posle «holodnoy voyny». Near and Middle East. In the book: Arbatov A., Dvorkin V. (ed.) Nuclear weapons after the Cold War] («Rossiyskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPEN), Moscow, 2006, p. 448).

4. «Yadernyy «posoh» Izrailya» [The nuclear» staff «of Israel»]. Available at: <https://zvezdaweekly.ru/news/t/201811261542-Vgbh9.html> (Accessed: 16.11.2019)

5. “How a Standoff With the U.S. Almost Blew Up Israel’s Nuclear Program”. [Electronic resource]. Available at: <https://www.haaretz.com/israel-news/.premium.MAGAZINE-how-a-standoff-with-the-u-s-almost-blew-up-israel-s-nuclear-program-1.7193419> (Accessed: 30.11.2019)

6. Norris Robert S., Arkin William M., Kristensen Hans M., and Handler Joshua. Nuclear Notebook. Israeli nuclear forces, 2002. Bulletin of the Atomic Scientists, 2002, September/October, p. 73.

7. “When America Caught a Nuclear Violator Red-Handed—But Stayed Silent” [Electronic resource]. Available at: <https://foreignpolicy.com/2019/09/22/blast-from-the-past-vela-satellite-israel-nuclear-double-flash-1979-ptbt-south-atlantic-south-africa/> = (Accessed: 16.11.2019).

8. “Turkey’s Erdogan says nuclear power should either be free for all or banned” [Electronic resource]. Available at: <https://www.reuters.com/article/un-assembly-turkey/turkeys-erdogan-says-nuclear-power-should-either-be-free-for-all-or-banned-idUSKBN1W924L> (Accessed: 16.11.2019)

Авторлар туралы мәлімет:

Бюлегенова Б.Б. - саяси ғылымдар кандидаты, саясаттану кафедрасы доценті, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нур-Султан, Қазақстан.

Өтегүлов О.Ж. - саясаттану кафедрасы магистранты, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нур-Султан, Қазақстан.

Byulegenova B.B. - candidate of political science, Associate Professor of the Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Otegulov O.J. - Master student of Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.